

**Абай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 25 желтоқсандағы 40 сессиясының № 40/437 "Абай ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2019 жылы әлеуметтік қолдау шараларын беру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Қарағанды облысы Абай ауданының мәслихатының 2019 жылғы 22 тамыздағы № 51/552 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 6 қыркүйекте № 5461 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңдарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы №183 "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін айқындау туралы" қаулысына сәйкес Абай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Абай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 25 желтоқсандағы 40 сессиясының "Абай ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2019 жылы әлеуметтік қолдау шараларын беру туралы" № 40/437 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5127 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2019 жылғы 14 қаңтарда және 2019 жылғы 12 қаңтардағы № 2-3 (4247) "Абай - Ақиқат" аудандық газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. Абай ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2019 жылы өтініш берген уақытта жүз еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы берілсін."

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК